

«КЕЛІСЕМІН»

Директордың ҒӘЖ
бойынша орынбасары
Баймағанбетова Р.К.



**«БЕКІТЕМІН»**

№ 2 МЛ директоры
Р.Б. Байболова



**2025-2026 оқу жылына арналған
тарих пәні бойынша онкүндік жоспары**

Өткізу мерзімі: 12-23 қаңтар 2026 жыл

Тақырыбы: « History Code: Тарихтың цифрлық генетикасы»

Мақсаты: Тарихи сабақтастық пен ұлттық құндылықтарды жасанды интеллект және цифрлық технологиялар арқылы қайта жаңғыртып, оқушылардың тарихқа деген жаңашыл көзқарасын қалыптастыру және олардың цифрлық құзыреттіліктерін арттыру.

№	Іс шараның атауы, тақырыбы	Күні	Сынып	Өтетін орны	Жауаптылар
1	Апталықтың ашылу салтанаты	12.01.2026 ж.	Барлық сыныптар	Мектеп дәлізі	Тарих пәні мұғалімдері
2	"Тарих-қызық әлем" интеллектуалды ойын	15.01.2026 ж. 14:15	5 «А» сынып	104 кабинет	Баткалова А.Н.
3	Своя игра "По страницам истории Казахстана" среди учащихся 7-х классов	16.01.2026 г.	7 «Е» класс	305 кабинет	Голикова Е.В.
4	Викторина "Машина времени"	16.01.2026 г. 15:05	5 «Г» класс	102 кабинет	Ажимуратова Ж.Т.
5	Интеллектуальная игра "По следам древних племен Великой степи"	16.01.2026 г. 13:20	10 «В» класс	309 кабинет	Поликевич О.Н.
6	Ашық сабақ: "Қазақстандағы 1986 жылы желтоқсан оқиғалары. Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларының сипаты қандай болды?"	21.01.2026 ж. 8:00	9 «А» сынып	106 кабинет	Аскарова А.К.
7	Интеллектуальная игра «Знаешь ли свои права?»	21.01.2026 г. 8:50	10 «В»	309	Акжигитова Д.М.

8	«Тарих және археология» кабинетінің ашылу салтанаты	22.01.2026 ж. 12:00	5-6 сынып оқушылары	27 кабинет (жаңа корпус)	Искаков С.Б.
9	Открытый урок "Коллективизация в Казахстане." Исследовательский вопрос: Почему политика коллективизации привела к «великому бедствию»?	23.01.2026 г. 8:00	8 «В» класс	206 кабинет	Байкенова Л.Р.

Тарих пәні мұғалімдерінің онкүндік аясында қала мектептерінде ұйымдастырылатын іс-шараларға қатысу жоспары

1	Іс шараның атауы	Өтетін күн	Өтетін орын	Қатысатын мұғалім
2	«Егер де...» дебаты: Тақырыбы: «Егер Ұлы Жібек жолы тоқтамаса...»	12.01	№ 9 ЖОББМ, №6 МЛ, №21 МЛ	Бимурзин Қ.Е.
3	«Нейро-Квест» (AI Gamification) тақырыбы: «Тарих лабиринті: ЖИ жұмбақтары»	12.01	Красный Яр №1, №2	Байкенова Л.Р.
4	Қалалық тәжірибе алмасу семинары: «Тарих сабақтарындағы геймификация: ЖИ арқылы квесттер мен ойындар жасау»	13.01	№1 МГ, № 16 ЖОББМ	Поликевич О.Н.
5	Зияткерлік ойыны: «Қазақстан тарихы мен география: уақыт байланысы»	13.01	№ 12 ЖОББМ	Бимурзин Қ.Е.
6	«Жеті қазына» үстел ойыны: «Адал азамат мектебі: тарих, құндылықтар, құқық»	13.01.	ТЛ, Әл-Фараби атындағы Айти лицейі, № 5, № 3	Аскарова А.К.
7	Қалалық тәжірибе алмасу семинары: «Виртуалды мұражай экспонатын жасау: 3D модельдеу мен нейрожелі»	14.01	№ 5 «Тандау», ТЛ, № 13 «ЭКОС», № 11 МГ	Искаков С.Б.
8	Дөңгелек үстел: «Болашақтың мұрағаты. Бізден кейінгі ұрпақ тарихты қалай оқиды?»: Цифрлық мұра қалдыру мәдениеті	14.01	№14, №15	Поликевич О.Н.
9	«Үздік тарих мұғалімі» қалалық байқауға қатысу	15.01	Қала мектептері	Бимурзин Қ.Е.

	Пәнаралық семинар: «Тарихи медиасауаттылық: ЖИ дәуіріндегі фейктермен күрес»	15.01	№19 ЖОББМ, №12 ЖОББМ, №22 ЖОББМ	Байкенова Л.Р.
10	Ашық сабақ: ЖИ байланысы: «Ұлы Дала картасы ЖИ-мен виртуалды экспедиция» (7-8 сыныптар)	16.01	ЖОББМ жас мамандар	Голикова Е.В.
11	Ашық сабақ: «Уақыт порталы: Оқиғалардың нейро-реконструкциясы» 8- 9 сыныптар	16.01	№4 ЖОББМ, №8ЖОББМ	Байкенова Л.Р.
12	Қалалық семинар: Жас тарих мұғалімдеріне арналған «Заманауи тарих сабағын құру: тәжірибе, құралдар»	16.01	№ 5 мектеп- гимназиясы	Бимурзин Қ.Е.
13	«Тұлғамен сұхбат» подкасттар сериясы	17.01	№7 ЖОББМ, №17 мектеп гимназиясы, әл- Фараби атындағы Айти лицейі	Искаков С.Б.
14	Қалалық оқыту семинары: «Цифрлық Тарих: Интерактивті Карталар, 3D моделдер және AI құралдарын сабақта қолдану»	19.01	Красный Яр ауылының №3 көпсалалы мектеп- гимназиясы	Искаков С.Б.
15	Диалог алаңы «Тарих және жасанды интеллект: былтырғы жылды зерттеудің жаңа мүмкіндіктері»	19.01	ТЛ	Бимурзин Қ.Е.
16	Пікірталас форматы: «Ұлттық дәуірде тарихты қалай сақтаймыз?»	20.01	Сәкен Жүнісов атындағы №18 мамандандырылған мектеп-лицейі	Бимурзин Қ.Е.
17	IQ doda	20.01	№14 жалпы орта білім беретін мектеп	Аскарова А.К.
18	Пікірсайыс: Қазақтың ұлы ғалымы, зерттеушісі, ағартушысы Шоқан Уәлиханұлының туғанына 190 жыл толуына орай «Қазақ жастарына үлгі болатын ең басты тарихи тұлғалардың бірі»	20.01	№17 мектеп гимназиясы	Баткалова А.Н.
19	Ашық алаң: «Digital Silk Road» Виртуалды экспедициясы	21.01	Қала мектептері	Тарих пәнінің мұғалімдері

20	Қалалық тәжірибе алмасу семинары: «Қазақстан тарихы цифрлық кеңістікте: Жастардың көзқарасы»	21.01	№ 20 МГ, ТЛ, әл-Фараби атындағы Айти лицейі	Баткалова А.Н.
21	«Тарихи деректерді визуализациялау: Мәтіннен кескінге (Text-to-Image)»	22.01	Қала мектептері	Тарих пәнінің мұғалімдері
22	Оқушылардың ЖИ көмегімен жасаған жобаларынан тұратын цифрлық мұрағаттың тұсаукесері	23.01	Қала мектептері	Тарих пәнінің мұғалімдері

Орындаған: тарих пәндері ӘБ жетекшісі Искаков С.Б.

2025-2026 оқу жылында тарих онкүндігі барысында ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша есеп

2026 жылдың қаңтардың 12-23 аралығында Көкшетау қаласының білім бөлімінің бекіткен онкүндік жоспарына сәйкес, Көкшетау қаласының № 2 мектеп-лицейінде тарих пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен тарих онкүндігінің іс-шаралар жоспары толық көлемде жүзеге асырылды.

Аталған пәндік апталық мектептің жылдық оқу-тәрбие жоспарына сәйкес және білім алушылардың тарихи білімін тереңдету, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, отансүйгіштік рухта тәрбиелеу мақсатында өткізілді.

Тарих апталығының негізгі мақсаты: – оқушылардың Қазақстан тарихы мен дүниежүзі тарихы бойынша білім деңгейін арттыру; – тарихи сананы қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу; – оқушыларды отансүйгіштікке, елжандылыққа, азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу; – тарих пәніне деген қызығушылықты күшейту және білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру.

Қазіргі жаһандану жағдайында тарих пәнінің маңызы ерекше. Өткенді тану арқылы оқушылар өз халқының мәдениетін, салт-дәстүрін, мемлекеттілігінің қалыптасу жолдарын терең түсінеді. Осы тұрғыда тарих апталығы оқушылардың тек пәндік білімін ғана емес, олардың азаматтық ұстанымын, сыни ойлау қабілетін, зерттеушілік және шығармашылық дағдыларын дамытуға бағытталды.

Апталық барысында дәстүрлі сабақ үлгілерімен қатар заманауи педагогикалық технологиялар, интерактивті әдістер, цифрлық білім беру ресурстары кеңінен қолданылды. Мұғалімдер өзара тәжірибе алмасып, оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді практика жүзінде көрсетті.

Алға қойылған міндеттер: – тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы білімді жүйелеу және тереңдету; – оқушыларды тарихи дереккөздермен жұмыс жасауға, оларды салыстыруға және талдауға үйрету; – пәнаралық байланысты нығайту, тарихты басқа пәндермен ұштастыру; – мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру және инновациялық тәжірибелерді тарату; – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік жасау.

Тарих онкүндігі басталар алдында тарих пәні мұғалімдерінің әдістемелік отырысы өткізілді. Онда онкүндіктің іс-шаралар жоспары қарастырылып, әрбір мұғалімге нақты міндеттер жүктелді. Іс-шараларды ұйымдастыруда оқушылардың жас ерекшеліктері, сынып деңгейлері және оқу бағдарламасының мазмұны ескерілді.



(Тарих апталығына дайындық)

Апталықтың барлық іс-шаралары алдын ала жасалған жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен өткізілді. Әр күннің өз тақырыптық бағыты болды және ол оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталды.

Апталықтың алғашқы күні салтанатты ашылу рәсімімен басталды. Ашылу барысында оқушыларға тарих апталығының мақсаты мен маңызы түсіндірілді. Тарихтың ұлт өміріндегі орны, тарихи жадының қоғам дамуына әсері туралы мазмұнды әңгіме жүргізілді. Оқушылар апталық аясында өткізілетін іс-шаралармен таныстырылды.

Бұл күні тарих пәні мұғалімдері түрлі сыныптарда ашық сабақтар өткізді. Сабақ барысында «Ойлан – жұптас – бөліс», «INSERT», «RAFT», «PEST-анализ» сияқты заманауи әдістер қолданылды. Цифрлық карталар, бейнематериалдар, интерактивті тапсырмалар оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырды. Ашық сабақтарға әріптес мұғалімдер қатысып, өзара тәжірибе алмасты.

15 қаңтар күні тарих пәнінің мұғалімі **А.Н.Баткалова** 5 «А» сынып оқушылары арасында **«Тарих – қызық әлем»** атты интеллектуалды ойын өткізді.

Ойын барысында оқушылар тарихи білімдерін бекітіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамытты, командалық жұмыс дағдыларын жетілдірді және тарихи деректерге сүйене отырып, өз пікірлерін дәлелді жеткізуге үйренді. Қатысушылар белсенділік танытып, пәнге деген қызығушылықтарын арттырды.


Бұл іс-шара оқушылардың тарихи білімін тереңдетуге, сыни ойлау қабілетін дамытуға және тарих пәніне деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті.



16 қаңтар күні тарих пәні мұғалімі Ажимуратова Жанат Танатовна 5 «Г» орта буын сынып оқушылары арасында "Машина времени" атты тарихи викторина өткізілді. Командалық түрде ұйымдастырылған бұл іс-шара оқушылардың ынтымақтастықта жұмыс жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді. Сұрақтар оқу бағдарламасына сай құрастырылды.



16 қаңтар күні тарих пәні мұғалімі **7 сынып оқушылары арасында** "По страницам истории Казахстана" атты интеллектуалды ойынын өткізді. Өткізген тарих пәнінің мұғалімі Голикова Е.В.



16 қаңтар күні "По следам древних племен Великой степи" атты 10 «В» сынып оқушылары арасында интеллектуалды ойын өткізілді. Өткізген тарих пәнінің мұғалімі Поликевич О.Н.



21 қаңтар күні пәндік онкүндік аясында 10 «В» сыныбында «Өз құқықтарыңды білесің бе?» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізілді.

Ойын барысында оқушылар заң баптарын еске түсіріп қана қоймай, оларды өмірлік жағдаяттарда қолдануды үйренді. Іс-шара нәтижесінде оқушылар: өз құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін кеңейтті, топта жұмыс жасау дағдыларын дамытты, өз пікірін дәлелді әрі заң аясында қорғауға үйренді.

Іс-шара белсенді, қызықты және танымдық деңгейде өтті. Оқушылар өздерінің жақсы білімдерін, логикалық ойлау қабілеттерін және құқықтарын білетін, заңды құрметтейтін саналы азамат ретіндегі көзқарастарын көрсетті. Өткізен құқық пәнінің мұғалімі Акжигитова Д.М.



Тарих онкүндігі аясында 21 қаңтар күні 9 «А» сынып оқушылары арасында **1986 жылғы желтоқсан оқиғаларына** арналған ашық сабақ өткізілді. Сабақтың тақырыбы: **«Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары»**.

Ашық сабақ барысында оқушылар 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларының алғышарттарын, өту барысын және тарихи маңызын талдады. Оқушылар тарихи деректермен, фотоматериалдармен және бейнематериалдармен жұмыс жасап, оқиғаға өз көзқарастарын білдірді.

Сабақта оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған заманауи әдіс-тәсілдер қолданылды. Талқылау барысында білім алушылар желтоқсан оқиғаларының ұлттық сананың оянуындағы рөлін, оның Қазақстан тарихындағы орнын айқындады. Өткізген тарих пәнінің мұғалімі Аскарова А.К.

2026 жылдың қаңтар айында Көкшетау қаласының №2 мектеп-лицейінде тарих пәні апталығы аясында **«Археология – ұлт жадының негізі»** атты тарих-археология кабинеті ресми түрде ашылды. Кабинет оқушылардың тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын дамытуға, археологиялық жәдігерлермен жұмыс істеуге, ұлттық тарихқа қызығушылықтарын арттыруға бағытталған.

Ашылу рәсіміне тарих пәнінің мұғалімдері, мектеп әкімшілігі, сынып оқушылары қатысты. Салтанатты жағдайда **мұғалімдер мен оқушылар лентаны қиып**, кабинетті ресми түрде ашты. Кабинетте археологиялық материалдар, макеттер, тарихи жәдігерлер мен оқу құралдары қойылды.



23 қаңтар күні 8 «В» орыс сыныбы арасында «Коллективизация в Казахстане» атты ашық сабақ өткізілді.

Зерттеу сұрағы: Неліктен ұжымдастыру саясаты «ұлы қасіретке» алып келді? Оқушылар Қазақстандағы ұжымдастыру саясатының тарихын, оның экономикалық және әлеуметтік салдарын талдады.

Оқушылар тарихи дереккөздермен жұмыс жасап, кезеңдік мәліметтерді салыстырды, оқиғалардың себептері мен салдарын анықтады. Сабақ барысында заманауи әдіс-тәсілдер, топтық талқылаулар, визуалды материалдар қолданылып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігі артты. Оқушылар ұжымдастыру саясатының «ұлы қасіретке» әкелген тарихи маңызын түсінді және талқылау барысында өз пікірлерін ашық жеткізді. Өткізген тарих пәнінің мұғалімі Байкенова Л.Р.

Тарих онкүндігі жоспарға сай жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді. Апталық барысында өткізілген іс-шаралар оқушылардың тарих пәніне деген қызығушылығын арттырып, білім сапасының өсуіне оң әсерін тигізді. Мұндай пәндік апталықтарды жүйелі түрде өткізу – оқушылардың жан-жақты дамуына, тарихи сананың қалыптасуына ықпал ететін маңызды құрал болып табылады.

Тарих апталығы кезінде **қала мектептеріндегі тарих пәнінің мұғалімдері белсенділік танытты.** Олар пәндік апталыққа қатысып қана қоймай, өз тәжірибелерімен бөлісті, ашық сабақтар өткізді және қалалық іс-шараларға белсенді қатысты. Мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу,

әдістемелік кеңестер беру және оқушылардың қызығушылығын арттыруға бағытталған әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

Бұл шаралар мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыруға, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын күшейтуге және тарих пәнінің мазмұнын тереңдетіп оқытуға септігін тигізді.

